

**Жарас Наурызбаев,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «аударма ісі» мамандығының 1 курс
магистранты**

АБАЙДЫҢ «ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ, ҚАЙРАН ЖҰРТЫМ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОРЫС ТІЛІНДЕ БЕРІЛУІ

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі 30 жолдан тұрады, бірыңғай ұйқасқа құрылған. Өлең 1909 жылы Санкт-Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» атты жинақта жарық көрген. Аталмыш шығарма сол кезеңдегі қазақ халқының жағдайына байланысты сыни көзқарастан, жақсы менен жаманды айырмаған еліне деген ақынның шерінен туындаған.

Абай өмір сүрген уақыттың қазақ халқы үшін қаншалықты ауыр болғандығы айқын. Ақынның осы шығармасында сол уақыттағы тарихи және саяси жағдайларға байланысты халық басына туған қиын кезең суреттеледі. Ақын осы шығармасында сол бір тар заманда халыққа ақыл айтып, дұрыс жолдан таймауға шақырған.

Шығарманың қаратпа сөздермен басталуы бұл өлеңнің халыққа үндеу екенін білдіреді. Абай халқына «иманың төмендеді, жақсы мен жаманды ажырата алмадың, жеген асыңның барлығы адал емес» деп үндеу айтқан. Сонымен қатар, ел сиқын саудагер сартқа теңеп, құр сөзге келгенде дес бермейтін жұрттың, іске келгенде тіпті өз меншігін өзімдікі дей алмайтын дәрменсіз екенін атап көрсеткен.

Бір жағынан, өз қолынан өз билігі кетіп, отаршылдық езгіге ұшыраған елдің, екінші жағынан, өз ішінен шыққан жалған би мен арамза басшылардан көрген азабының аз еместігіне Абай қатты қынжылған. Бүкіл ғұмырын, тұрмыс-тіршілігін төрт түлік малмен байланыстырған қазақ жұртының өз малына өзі иелік ете алмай дал болып, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғаны ақын жанына батқан. Ақын әр нәрсенің басын бір шалып, көрсеқызарлық қылып жүрген және өз билігінен айырылған көптен үмітін түбегейлі үзгендей болады.

Абай осы бір олқылықтар отаршылдықтың, биліктің, басшылықтың жасап жатқан озбырлығынан екенін ашық айта келе, жұрттың бойындағы кертартпа қылықтарды атап кетуді де ұмытпаған. Ақын бүкіл байлығынан айырылған, берекесіз қоғамның орнауын заманмен бірге азғындаған адамдардың өзара бірлікті, бір-біріне деген адал пейілді ұмытуының, ар ойламай, пайда ойлауының нәтижесі деп көрсеткен. Күндестік пен көре алмаушылықтан, өзара тартыстан арылып, бос күлкіні тыймайынша халықтың түзелмейтіндігі жайлы эпитет ой айтқан. Ел-жұртын барлық кертартпа қылықтардан арылуға шақырған. Ақын өлеңін көпке осындай жақсы жол көрсетіп, мән-жайды түсіндірер адам жоқтығы жайлы зарлы ойлармен аяқтайды.

Әр қоғамның кез келген уақытта басынан кешіретін мәселелері болары анық. Өзі өмір сүріп жатқан сол қоғам келеңсіздіктерін сынауға әркімнің-ақ бар таласы. Дегенмен, қоғамға шын жанашырлық танытып, жұрттың жақсы жаққа ұмтылуы, дамуы мақсатында айтылатын жүйелі сынның жөні бір бөлек. Ал, өз жеңілістері мен құлдырауына тек қоғамды, қоршаған ортаны кінәлайтын немесе көре алмаушылықтан туатын жүйесіз сынның жайы бір басқа.

Абай осы бір өлеңінде қазақ қоғамын қанша қатал сынға алғанымен, ол сынның арғы жағында ақынның еліне деген жанашырлығы мен жылы лебізі бар екендігі белгілі. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дегендегі «қайран жұртым» тіркесінде қаншама мағына жасырулы?! Осы бір тіркеспен-ақ Абай халыққа деген өкпесін де, сүйіспеншілігін де, ашуын да, шарасыздығын да жайып салған. Аталмыш тіркес тұтас бір категория ретінде жұмсалған, өз кезегінде ол бірнеше концептілерге бөлініп, ары қарай көптеген мағыналық ұғымдарға ажырайды. Осыдан туындайтын мәселе – бұл тіркесті өзге тілге қалай аудармақ керек?

Осы уақытқа дейін дәл осы шығармасы бірнеше тілдерге тәржімаланған. Оның ішінде ағылшын, араб, азербайжан, қарапалпақ, орыс, өзбек тілдері бар. Орышаның өзінде бізге белгілі түрлі аудармашылар аударған бес нұсқасы бар. Атап айтсақ ол аудармашылар К. Досжан, С. Липкин, Ю. Кузнецов, М. Әдібаев, Ә.Қодар. Аудармалар саны көңіл қуантқанымен, олардың сапасын керемет дей алмаймыз: сөздердің, тіркестердің эквиваленттілігін айтпағанда, аударманың басты принциптерінің бірі – түпнұсқаның ойын, ондағы мағынаны жеткізу іске асқан тұстар аз.

| Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. | | | | |
|---|---------------------------------------|--|--|---|
| О, казахи мои, многочисленны, народ, бедолага, перенесший много бед и страданий | О, казахи мои, мой бедный народ! | О казахи мои, мой бедный народ! | Народ великий мой, казах, ты видел беды, | Казахи, родные, — мой милый народ! |
| Прячешь, скрываешь свой рот за небритыми усами (рот, который может говорить бесстыжие слова). | Жестким усом небритым прикрыл ты рот. | Ус, не ведавший бритвы, скрывает твой рот. | Усы, разрастаясь, покрыли твой рот. | Небритым усом прикрываешь рот неверный. |

| | | | | |
|-------------|------------|--------------|-------------|-----------|
| (К. Досжан) | (С.Липкин) | (Ю.Кузнецов) | (М.Әдібаев) | (Ә.Қодар) |
|-------------|------------|--------------|-------------|-----------|

К. Досжанның аудармасында «қайран жұртым» тіркесі «бедолага, перенесший много бед и страданий» етіп берілген. Сөзбе сөз аударма бола тұра түпнұсқадағы ақынның ойы, халыққа деген қатынасы аудармада беріліп тұр деп айту қиын. Кері аударма жасайтын болсақ «байғұс; бейшара; сорлы; қайғы мен қиыншылықты көп көрген» деген ой тудыратын тіркесті аламыз. Ал Абай «қайран жұртымды» қандай мағынамен айтқан? Бұл сөз айтып кеткеніміздей категориялық мағынаға ие. Ал аударма оның тек бір ғана жағын ашып тұрғандай. Түпнұсқадағы ақынның халқына деген сүйіспеншілігі, жанашырлығы және көңілінің толмайтындығы берілмеген. Синонимдер сөздігінде «қайран» сөзінің синонимдері ретінде «шіркін, есіл, әттең, дариға, айхай» сөздері берілген. Ал енді осы бір сөздің басқа сөздермен тіркестерінің мағынасын қарастырайық, мысалы, «қайран арысым-ай». Бұл тіркес жаныңа жақын, жақсы көретін адамыңнан қапыда айырылып қалып өкінгенде немесе сол адамды көптен көрмей сағынғанда айтылатыны баршамызға белгілі. Дәл осы тіркестің аудармасы <https://sozdik.kz/> сайтында «ах, наша опора лишились мы тебя! (так выражают горечь утраты влиятельного, уважаемого всеми человека)» деп берілген. Аудармасынан да жоғарыдағы тұжырымды растайтын ой көріп отырмыз. Демек, «қайран жұртым» Абайдың қолданысында «әттең, қазағым-ай, қайда сол бір керемет кездерің» деген халқына деген сүйіспеншілік, оның өткеніне деген сағыныш пен бүгініне деген өкініш толы ойды білдіреді десек тура болар.

Келесі С. Липкин мен Ю. Кузнецованың аудармаларынан да түпнұсқадағы тіркес әсерін ала алмаймыз. Екеуі де аталмыш тіркесті «бедный народ» деп беруі, «бедолага» етіп аударудан артық емес, сонымен қатар екеуі де «қалың елім» тіркесін аудармай тастап кеткен. М. Әдібаевтың аудармасында бірінші жолды «Народ великий мой, казах, ты видел беды» деп аударған. Мұнда түпнұсқада жоқ «великий» сөзі бар: бұл сөзді «қалың елім» я болмаса «қайран жұртым»ның аудармасы деп айту қиын. Дегенмен осы нұсқада ақынның елге деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығының нышаны орыс оқырманына жететіндей және түпнұсқаның коммуникациялық жағын толық ашатындай. Келесі А. Қодар аудармасында «қалың елім» «родные» деп аударылып, «қайран жұртым» тіркесі «мой милый народ» деп берілген. Мағыналық жағын былай қойғанда сөздердің дәл баламасы да берілмеген.

Тағы бір ерекше көңіл аударатын жайт алғашқы үш аудармашы да өлеңді «о» одағайымен бастаған. Одағайлардың тілдегі қызметі сөзге айрықша интонация мен эмоция беру дейтін болсақ, бұл жердегі эмоция қандай болмақ? «О» одағайы көп жағдайларда таңданыс кезінде немесе қошемет көрсеткенде қолданылады, ал бұл эмоциялар бұл өлеңде, дәлірек айтсам тап осы жерде орынсыз деп ойлаймын. Осылайша, қай жағынан

қарасақ та бірінші жолды ең адекватты аударған М. Әдібаев деген пікірдемін.

«Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың»

Бір сөйлем құрап тұрған ұстара, ауыз, мұрт сөздері жеке өз алдына мағыналы тіл бірліктері болғанымен, олардың жеке мағынасы аталмыш сөйлемдегі бірге беріп тұрған мағынасымен мүлдем сәйкес келмейді. Яғни, бұл сөйлем ақынның өз замандастарына жасаған әдеби образы. Тазалыққа үлкен мән берген қазақ халқы өзінің сыртқы бейнесіне мұқият қараған, ал ақын «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деп жазу арқылы тазалықты, өзіне қарауды ұмытқан адам образын жасаған. Бұл жерде ой тек тән тазалығы ғана емес, жан тазалығы жайлы да өрбіген: таза, бет-әлпетті ретке келтіріп, келісті жүру имандылықтың белгісі. Демек, ақын халыққа имандылықты ұмыттың, надансың, адамшылық жолдан тайдың деп мін тағып тұр.

Осы бір жол аударма нұсқаларда былайша көрініс тапқан; «Прячешь, скрываешь свой рот за небритыми усами (рот, который может говорить бесстыжие слова).» (К.Досжан), «Жестким усом небритым прикрыл ты рот.» (С. Липкин), «Ус, не ведавший бритвы, скрывает твой рот.» (Ю. Кузнецов), «Усы, разрастаясь, покрыли твой рот.» (М. Әдібаев), «Небритым усом прикрываешь рот неверный.» (Ә.Қодар). Алғашқы аудармада түпнұсқада жоқ «рот, который может говорить бесстыжие слова», ал соңғысында «неверный рот» тіркестері, яғни, «ұятсыз сөздерді айта беретін ауыз» және «бейауыз» ұғымдары жасалған. Абайдың жасаған надан, имансыз адам образы ұятсыз сөйлейтін, бейауыз болуы мүмкін, бірақ бұл қасиеттер аталмыш образдың тек бір жағы ғана. Бұл жердегі басты ой ұятсыз, бейауыз сөйлеуде емес имансыздық пен надандықта болып тұрғандығын аудармашылар ескермеген секілді.

Аудармашылардың барлығы да ақын берген ойды, мағынаны бере алмай, аудармалар тек сөз аудару деңгейінде қалып, түпнұсқадағы ипPLICITТІ ой, Абай жасаған образ тысқары қалып қойған. Бұл аудармалардағы: «қырылмаған, ұстара тимеген немесе өсіп кеткен мұрттың ауызға түсуі» орыс оқырманына түпнұсқадағы образдың астарлы мағынасын жеткізе алмайтындығы анық.

Аударматанушы ғалымдар аударылуы қиын тіл бірліктері ретінде фразеологизмдерді аударудың бірнеше тәсілін ұсынды. Соның ішінде В. Н Комиссаров, Л. Ф Дмитриева, С. Е Кунцевич секілді орыс аударма теоретиктерінің айтуынша фразеологизмдерді аударудың төрт негізгі тәсілі бар. Олардың алғашқысы фразеологиялық бірліктің эквивалентін беру тәсілі. Мысалы:

- *играть с огнем - отпен ойнау;*

- *куй железо, пока горячо - темірді қызған кезінде соқ.*

Мұндай жағдайда түпнұсқа тіліндегі фразеологизмге барлық өлшемдері жағынан сәйкес келетін аударма тілінің фразеологизмі қолданылады. Эквиваленттік тәсіл фразеологизмді аударуда барынша дәлдікке жетуге мүмкіндік береді және аудармашылар көп жағдайда осы

тәсілді пайдалануға тырысады. Дегенмен, белгілі бір фразеологизмнің келесі тілде эквивалентін табу үнемі мүмкін бола бермейді.

Комиссаров бойынша фразеологизмдердің аударма тілінде эквиваленті табылмаған жағдайда аудармашы оның аналогын қарастыруға тиіс. Аналогтік тәсіл түпнұсқа тіліндегі фразеологизмнің мағынасына сәйкес аударма тіліндегі басқа образға құрылған фразеологизмді табумен түсіндіріледі. Мысалы:

под носом – иек астында, көз алдында;

кости коса, пока роса – темірді қызған кезінде соқ;

душа нараспашку – аузын ашса жүрегі көрінген.

Фразеологизмді аударудың келесі бір түрі – сөзбе-сөз аудару немесе калькалау тәсілі. Бірақ, Л.Ф Дмитриева бойынша калькалау тәсілін пайдаланғанда аударылған фразеологизм өзінің образдылығы мен жеңіл қабылданатындығын жоғалтпауы тиіс. Ал осы жағдайлар орындалмайтын болса, онда фразеологизмді аударудың соңғы тәсілі – түсіндірмелі аударма, яғни, фразеологизмнің мағынасын жай сөйлеммен беру тәсілін пайдаланған жөн.

Абайдың шығармалары фразеологизмдерге толы. Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Ғасырлар бойы халықпен бірге жасап, дамыған фразеологизмдер оның тарихымен, салтымен, дәстүрімен етене байланысып жатыр. Демек, Абай өлеңдеріндегі фразеологизмдерді аудару барысында аудармашы фондық ақпаратпен, халықтың тұрмыс-салтымен танысып, ақынның оларды пайдалану стилімен жақсы таныс болуы шарт. Ал Абайдың осы шығармаларының аудармаларын оқып қарап бұл қасиеттерді аудармашылар бойынан байқай алмадық.

Абайдың аталмыш шығармасындағы фразеологизмдердің бірі «Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» дегендегі екінші сөйлем.

| Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. | | | | |
|--|---|---|--|--|
| Без разбору, где хорошо, а где плохо, Спрятанные за углами рта слова могут и убить и вознести. (К. Досжан) | Зло – на левой щеке, на правой добро- Где же правда? Твой разум не разберёт! (С.Липкин) | Кровь за левой щекой, жир за правой щекой. Где добро и где зло, ум ли твой разберет? (Ю.Кузнецов) | Добро и зло мешаешь без разбору, Из заед губ убьешь и вознесешь любого. (М.Әдібаев) | Ты зла и добра не сумел различить, В крови и обжорстве не день и не год. (Ә.Қодар) |

Бұл сөйлемде тағы да иман мен имансыздық сөз болып тұр. Абай жақсы мен жаманды ажырата алмай жүрген жұрттың адал тапқан аспен қатар харам астан да тайынбайтындығы жайлы бейнелі ой айтқан. Бұл ой шығарманың осы екі жолынан анық байқалады. Екінші сөйлемдегі «май» мен «қан» сөздері сол «адал» мен «харамды» білдіретін астарлы ұғымдар.

К. Досжан алғашқы жолды тура аударғанымен, екінші жолды аударуда түпнұсқа ойын түбегейлі дұрыс түсінбегендігі байқалады. Себебі, «май» мен «қан» ұғымдары «слова, которые могут и убить и вознести» яғни, «өлтіре де, тірілте де білетін сөздер» етіп берілген. М. Әдібаевтың нұсқасында дәл осы жолдың аудармасы басқа сөздермен «Из заед губ убьешь и вознесешь любого» деп берілгенімен, К. Досжанның аудармасындағы сөйлеммен мағынасы бірдей. Ал ол автордың түпнұсқадағы айтпақ ойымен мүлдем сәйкес келмейді.

С. Липкиннің «қанды» «зло», «майды» «добро» деп аударуы түпнұсқа ойына басқа аудармаларға қарағанда біршама жақынырақ секілді, бірақ алғашқы жолды аударуда біраз еркіндікке барып, «Ненің шындық екенін сенің ақылың айыра алмайды» деген ойды берген. Кузнецов, М. Әдібаев, Ә. Қодар «жақсы мен жаманды» «добро и зло» берсе, Липкиннің бір ерекшелігі ол «қан мен майды» «зло и добро» деп аударған және екі жолдың орындарын ауыстырып аударған. Осындай жолдардың орындарын ауыстырып аударуға Кузнецов та барған және «қанды» «кровь», «майды» «масло» деп тура беріп, калькалау тәсілімен аударған да тек осы Кузнецов қана, бірақ бір беті қан, бір беті май адамның образы орыс оқырманына түпнұсқадағы астарлы ойды жеткізбейтіні белгілі. Л.Ф Дмитриева бойынша калькалау тәсілін пайдаланғанда аударылған фразеологизм өзінің образдылығы мен жеңіл қабылданатындығын жоғалтпауы тиіс. Ал осы жағдайлар орындалмайтын болса, онда фразеологизмді аударудың соңғы тәсілі – түсіндірмелі аударма, яғни, фразеологизмнің мағынасын жай сөйлеммен беру тәсілін пайдаланған жөн.

Ә. Қодардың аудармасында аталмыш тіркестің екінші жолы «В крови и обжорстве не день и не год» деп берілген, яғни, «қандықол қомағай болып жүргеніңе біраз заман болды» деген ойды береді. Бұл аудармадағы ой да түпнұсқадағы астарлы ойдан мүлдем шалғай жатыр. Осы аударманы оқыған орыс оқырманына қазақ халқы қандықол және қомағай болып елестеп, тұтас халық жайлы қате пікір жасайтыны анық. Аудармашы бұл қадамға ұйқас қуып барған секілді, өлеңнің екінші жолын «рот» аяқтағандықтан, төртінші жолды құрап тұрған аталмыш тіркесті «год» деп тәмамдағаны ұйқасты жақсы сақтап тұр.

Шығармадағы келесі фразеологизм «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың» дегендегі екінші жол. Қазақ тілінде аталмыш тіркес мақалдың құрамында да кездеседі: «қолымен қоға жұлмаған, аузымен орақ орады». Бұл мақалда мәселені тек ауызбен шешетін, ал іске келгенде қолынан ештеңе келмейтін адамдарға сипаттама берілген. Өзі ешбір мардымды іс тындырмайтын, десе де өзгелерге сол істің маманындай ақыл беретін бос сөздің адамдары жайлы ой айтылған.

Абай да аталмыш тіркесті қолдану арқылы өз замандастарына сондай мін тағып отыр.

| Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың. | | | | |
|---|---|--|---|---|
| Кроме своих слов, не понимаешь другое (не хочешь принять), Ртом косите (как сено) всех подряд, болтаете вздор. (К. Досжан) | Ты не внемлешь добрым советам чужих, Режет всех без разбора твой серп-язык! (С. Липкин) | Не внимая другим, ты твердишь про свое, А твои пустозвоны гремят языком. (Ю. Кузнецов) | И кроме слов своих, другое не приять, Несете вздор, косите всех подряд. (М.Әдібаев) | Не внемлешь другим, кроме собственных слов, Погрязший в пустом суесловии сброд. (Ә.Қодар) |

Алғашқы жолын аудармашылардың барлығы да адекватты аударғанымен, екінші жолды аударуға келгенде оның фразеологизм екенін ескермеген. Аудармашылардың кейбірі фразеологизмді толық түсінбей, аудармалар тек сөзді аудару деңгейінде қалған

Фразеологизмді аударудың ең тиімді және дұрыс жолы оның эквивалентін беру екендігі белгілі. Бірақ, түпнұсқадағы фразеологизмге аударма тілден эквивалент фразеологизм табу әрқашан мүмкін бола бермейді. Аталмыш фразеологизмнің де орысша эквиваленті жоқ. Дегенмен, онымен мағыналары жақын «точить лясы» немесе «переливать из пустого в порожнее» деген аналогтері орыс тілінде кездеседі.

К. Досжанның нұсқасы жолма-жол аударма болғандықтан, аудармашы сөйлемдерді сөзбе-сөз аударған. Дегенмен, аталмыш тіркестің фразеологизм екенін ескеріп, оның орыс тіліндегі аналогын берсе артық болмас еді. Сонда фразеологизм мағынасы орыс оқырмандарына немесе аудармашыларына түсінуге оңай болар еді.

Липкин мен Әдібаев тіркестің фразеологизм екенін ескермеген, нәтижесінде аудармалары сөз аудару деңгейінде қалған. Липкиннің аудармасын кері аударма жасайтын болсақ «сенің орақ тілің талғамастан барлығын да кесе береді» деген сөйлем аламыз. Бұл сөйлемді орыс оқырманы мүлдем түсінбеуі мүмкін немесе «өткір тіліңмен кінәлі-кінәсіз болсын барлығын да сөге бересің, жазалайсың» деп түсінер. Ал Әдібаевтың осы тіркесті «бос сөйлеп, барлығын да шабасың» деп беруінің де Липкиннің аудармасынан еш артықтығы жоқ.

Аталмыш тіркесті Кузнецов пен Ә. Қодар сәтті аударған. Қос аудармашы да фразеологизмнің аналогын бермегенімен, мағынасын жеткізе білген. Дегенмен, Кузнецовтың аудармасында өлеңнің әуезділігі мен ырғағы сақталмай, жай сөйлем секілді аударылған. Сонымен қатар

мағынасын сақтап тұрғанымен, тіркестің тура аудармасы дей алмаймыз. Ал Ә. Қодар тіркес мағынасын толықтай берумен қатар өлең ырғақтылығын да сақтаған. Бірақ, фразеологизм құрамындағы «қыртың» сөзін аудармашы «сброд» деп аударып кеткен. «Сброд» сөзін қайта қазақшалайтын болсақ «қағылған-соғылғандар» немесе «қашқан-пысқандар». «Қырту» сөзінен шыққан «қыртың» сөзін «пустозвон» немесе «балабол» деп берсе тура шығар еді.

Қорыта айтқанда ұлы Абайдың аталмыш шығармасындағы фразеологизмдер аудармаларының сәтті аударылған тұстарынан олқылықтары басым. Себебі аудармашылардың дені орыс тілді, ортаңқол аудармашылар және қазақ тілін жетік білмеген. Тек С. Липкин мен Ә. Қодар аудармаларының кей тұстары түпнұсқадағы мағынаны сақтаған, дегенмен, олардың өзі аударма талаптарына толық жауап бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). М.: Высшая школа, 1990.
2. Виноградов В.С. Введение в переводоведение: Общие и лексические вопросы. - М., 2001.
3. Дмитриева Л.Ф., Кунцевич С.Е, Мартинкевич Е. А, Смирнова Н. Ф. Английский язык - Курс перевода. Москва – Ростов - на- Дону. 2005.
4. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Ел-шежіре», – 2014.
5. <http://abai-inst.kz/rus/?p=98>.
6. <https://sozdik.kz/>